

А. Маудет

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
ҚР Ұлттық музейінің бөлім жетекшісі, Астана, Қазақстан
(E-mail: mr.ardabi@mail.ru)

Қызылжар қазақтары фольклорлық мұрасының жас ұрпақты оқытудағы тәрбиелік мәні

Аңдатпа. Мақалада гасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі немесе құймақұлақтық қасиетпен жалғасқан Солтүстік Қазақстан облысының рухани мұраларының жиналу, сақталу, зерттелу мәселелеріне және сол мұралардың жас ұрпақ тәрбиесіне рөлі қарастырылады. Қызылжар өңірі – Сарыарқаның бір бөлігі ретінде, қазақтың аспаптық музыкасы мен фольклорлық мұраларының тамыры үзілмей сақталған қасиетті өлкенің бірі. Солтүстікті жайлаған елде қазақ халқының ұлттық музыкасы мен фольклорының оның ішінде отбасылық әдет-ғұрпы, салт-санаға қатысты бай дәстүрлері сақталған. XVII-XIX ғасырдағы қазақта сөз бастаған ақын-жыраулар Қожаберген Толыбайсынышұлы, Шал Құлекеұлы, халықтың санасынан өшпестей орын алған сал-серілер Сегіз сері, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтар салған әншілік өнердің түп негізі де осы өлкеде өркен жайған. Бұл өңірде сақталған халқымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпына байланысты мұралар, этнографиялық құндылықтар, ұлттық қолөнер туындылары, халық ауыз әдебиетінің үлгілері (шілдехана, жоқтау, сыңсу, жар-жар, ән-күй, қара өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр, терме, жарапазан, бақсы сарындары т.б.) ауызекі және атадан-балаға тікелей мұрагерлік жолмен таралып, ұлтымыздың және әлемдік адамзат өркениетіне өзіндік үлесін қосуда. Сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, Қызылжар өңіріне шетелдерден қандастарымыз көптеп қоныс тепті. Қызылжар өңіріне келіп қоныстанған қандастар легімен бүгінгі таңда жас ұрпақтың жадынан ұмыт бола бастаған, ұлттың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, аспаптық музыкасы мен этнографиясына қатысты қыруар мұралар келді. Осы мақаланың ғылыми талдау бөлігінде, Қызылжар өңірін мекендеген байырғы қазақтар мен елге оралған қандастардан жазылып алынған ауыз әдебиетінің байырғы үлгілерімен қоса музыкалық-фольклорлық мұраларының аймақтық-орындаушылыққа тән ортақ ерекшеліктері мен ұлттық рухани ортақтығы тұжырымдалады. Мақалада берілген «жұмбақ», «жаңылтпаш», «бақсылық сарын» сияқты фольклорлық мұралар туралы құнды деректер, 2022 жылы мақала авторының Қызылжар өңіріне жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедиция барысында жиналған тың материалдар негізінде сұрыпталды.

Түйін сөздер: Қызылжар, Солтүстік Қазақстан облысы, фольклорлық мұралар, жұмбақ, бақсылық сарын, рухани мұра, ғылыми-зерттеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-156-169>

Кіріспе

Қызылжар өңірі Ресей елімен көрші, шекаралас болғандықтан, Патшалық Ресей кезінен бастап, кейінгі Советтік кезеңдегі, отарлау саясатына байланысты халықтық көші-қонның әсерімен, бұл өлкедегі ұлттық құндылықтардың жиналу, зерттелу жағы тарихи себептермен кемшін қалғаны белгілі. Бірақ, қаншама тағдырлы кезеңдерді басынан өткерсе де, қазіргі Солтүстік Қазақстанның ұлттық мұрасы, Арқа өңірінің аса бай мәдени

мұрасының тікелей құрамдас бөлігі ретінде тарихи-мәдени орнын сақтап келеді. Сондықтан да, бұдан бұрынғы Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарының рухани мұрасына жасалған ғылыми зерттеулердің дені, аумақтық жағынан көршілес Солтүстік Қазақстан өңірінің рухани құндылықтарына ортақ дүниелер есептеледі. *Зерттеу жұмысының мақсаты* – Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы рухани мәдени мұраларымыздың озық үлгілерін қазіргі көзі тірі ұстанушыларының өзінен жазып алу, сақтау, қорғау, насихаттау арқылы жас ұрпақтың санасына сіңіру. Қазақстан Республикасының үкіметінің, 2011 жылғы 1 маусымдағы № 613 қаулысымен ратификациялаған конвенция негізінде, 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысымен қабылдаған, Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамада нақты көрсетілген міндеттерді [1] негізге ала отырып, Қызылжар өңірінде сақталған рухани мұраларымызды сақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Бұл зерттеулер Қызылжар өңіріндегі рухани мәдени мұраны сақтаушылардың және олар сақтап отырған мұра элементтерінің толық ұлттық тізімін жасауымызға жол ашады. Бұл мұралар болашақ жастардың ұлттық тәрбиемен сусындап өсуіне жол ашатын бірден-бір қозғаушы тетік болары сөзсіз. Оның үстіне біздің зерттеуіміз дәлелдегендей, Қызылжар өңіріндегі рухани құндылықтарды сақтаушы көзі тірі мұрагердің күн санап өмірден өтуіне байланысты, ол өңірдегі рухани мұраларымызды тез арада жазу, сақтау, зерттеу жұмысы уақыт күттірмейтін өзекті мәселе болып отыр. Сондай-ақ осы өңірден жиналған рухани құндылықтардың мектеп пен университет қабырғасында білім алып жатқан жастарға ұлттық құндылық ретінде оқытылу мәселесі, Қазақстанның қазіргідей геосаяси жағдайында, Солтүстік өңірлердің мәдени-тарихи тамыры тереңде екенін айқындауда аса маңызды.

Зерттеу әдістері

Қызылжар өңірінің рухани мәдени мұраларды ғылыми зерттеуде тарихи-типологиялық және салыстырмалы-теориялық, жүйелі этнофондық зерттеу әдістемелері мен кешенді зерттеу тәсілі қолданылды.

Зерттеу тарихы

Қызылжар өңірінде сақталған рухани мұраларды (*музыкалық фольклор, ауыз әдебиетінің музыкалық фольклормен ортақ жанрлары жоқтау, сыңсу, жарапазан, бақсылық сарындар т.б.*) жинау жұмыстары Александр Викторович Затаевичтен (1920-1936) басталып, әр кезеңде жүріп отырды. А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегінде XIX ғасырлардағы Қызылжар өңірінде өткен қазақ ән өнерінің классиктері Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтың 20 ға тарта әндерімен қоса ауызша таралған қараөлеңдер мен халық әндерінен 200 тарта ән жинақтап түсіндірмесін жазған [2]. Борис Ерзаковичтің «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегін және Сыдық Мұхамеджанов пен Борис Ерзакович нотаға түсірген М. Майचेкиннің құрастыруындағы «Ақан сері Қорамсаұлы әндері» [3], өнертанушы Есім Байболовтың құрастыруындағы «Ыбырай Сандыбайұлы әндері» этнографиялық жинақ [4], Біржан салдың әншілік өнеріне байланысты Ерзакович, Ә. Дербісәлин, З. Қоспақовтардың «Ләйлім шырақ» [5] атты еңбектерін айтамыз. Академик А. Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» [6], «Замана бұлбұлдар) [7] атты еңбектерінде арқа өңірінің халық композиторларының шығармалары зерттелген. Бұдан бөлек әр жылдары жекелеген зерттеушілер, Қызылжар өңіріне жинау, зерттеу экспедициясын жүргізді. Қызылжардың ән-күй мұрасы туралы Т. Бекқожина [8, 9], Б.Ж. Аманов, Ә. Мұхамбетова [9, 45-46], Б. Қарақұлов [10, 39-42], А. Сейдімбек [11], С. Өтеғалиева [12, 61-72], З. Қоспақов [13, 61-72], П. Шегебаев, С. Елеманова [14, 8], А. Бердібай [15, 17-22], Ж. Жүзбай [16], [17], А. Байбек [18, 44-50], А.Ж. Қазтуғанова [19, 132-296], Р. Стамғазиев [20, 22-354], М. Әбуғазы [21, 144-198] т.б. ғалымдар зерттеу жүргізді.

Қызылжар өңірінің музыкалық-фольклорының жиналған тағы бір кезеңі 1958 жылдардан басталды. Яғни, 1958 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының фольклорлық кабинеті Көкшетау және Целиноград облыстарына бірнеше музыкалық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырған. Төменде сол музыкалық-этнографиялық экспедициялардың Көкшетау облыстары (1999 жылғы СҚО мен Ақмоланың территориялық жер бөлінісінде, бұл экспедиция жүріп өткен көптеген елді-мекендер қазіргі СҚО –ның аумағына қараған) бойынша жүріп өткен жолдары және жиналған материалдары туралы мынадай мәліметтер берілген:

1958 жылы Көкшетау облысының Қызыл ту, Еңбекшілер ауданынан 48 ән жинап, Жаяу Мұса, Ақан Сері, Біржан, Ыбырай әндерінің құнды нұсқаларын жазды. Экспедиция жетекшісі: Алма Темірбекова.

1959 жылы Ақмола Облысы Еркіншілік ауданы, Сталинский путь колхозы, отгон АЖ. экспедиция жетекшісі: А.Темірбекова [22, 173].

1962-1963 жылдары экспедицияға екі топ шықты. Бірінші, Целиноград облысына экспедиция жасап, 102 ән 6 күй жазды. Экспедиция жетекшісі: Асқан Серікбаева. Екінші, Көкшетау облысын аралап 108 ән және 3 күй жазды. Экспедиция жетекшісі: А. Кетегенова [22, 18].

1961 жылы Көкшетау облысы Қызылту ауданы, Казанский ауданы, Жаманауыл, Шұбар ауылы, Шұқыркөл, Казанка ауылы, Қоскөл ауылы, Высокое ауылы, Айыртау ауданы, Лавровка ауылы, Еңбекші ауданы, Восточный совхозы, Сәуле ауылы, Кішкентай ауылы, Бірсуат с/с, Степнякқаласы, Первомайка бөлімшесі, Щучинск ауданы, Шорцовский совхозы, Жаңаталап ауылы. Экспедиция жетекшісі: А.Темірбекова.

1986 жылы Көкшетау облысы Еңбекшілер ауданы, Казгородок ауылы, Көкшетау қаласы, Бурабай ауданы, Бурабай қаласы, Ш.Уәлиханов ауданы, Қайрат совхозы, Степняк қаласы, Біржан совхозы, Сәуле бөлімшесі, Щучье ауданы. Экспедиция жетекшісі: Б. Дәлденбаев [22, 185].

Қазіргі Қызылжар өңірімен Ақмолаға ортақ музыкалық-фольклорлық мұраны жүйелі жинаған ғалымдардың бірі музыкатанушы, этнограф Гүлсім Байтенова. Гүлсім Байтенованың сол кездегі экспедиция бағыты қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты біраз аудандар мен елді-мекендерді қамтиды. «Көкшетау әуендері» [23] атты еңбегі бұдан ертерек уақыттағы Көкшетау мен Қызылжар өңірі әндерінің фольклорлық үлгілері туралы толығырақ мағлұмат беретін бірден-бір ғылыми еңбек.

Рухани мұраның атадан-балаға жалғасуының ең басты шарттары – біріншіден, мемлекеттік тілге байланысты. Екіншіден, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты құндылықтар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің бір бөлшегі ретінде толық айналымда болғанда ғана, жас ұрпаққа жалғасын табары сөзсіз. Мысалы, қазіргі таңдағы отбасындағы бесікке салу дәстүрінен бастап, қыз ұзату, өлікті жөнелту, ас беру, келін түсіру сияқты толып жатқан салт-жораларымызда қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлері айналымда болса, ол өз өміршеңдігін сақтайтыны анық. Ал біздің осы заманғы тұрмыс әдебімізге байланысты атадан қалған көптеген құндылықтар ескірген дүниелер есебінде тұрмысымыздағы айналымнан шығып қалғандықтан, жас ұрпақтың жадынан біржолата өшуге бет алғаны жасырын емес.

Нәтижелер мен талқылау

Қызылжар өңіріндегі рухани құндылықтарды жинау, зерттеу барысында қазақтың салт-дәстүрі, орындаушылық өнері, фольклорлық мұраларының әртүрлі жанрларынан қыруар материалдар жазылып алынды. Сол мұралардың ішінде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылының тұрғыны Семсер Шарифатұлынан бұдан бұрын еш жерде жарияланбаған бақсы сарындары туралы бірнеше материал жазылып алынды. Мәлімет берушінің жеткізуіндегі бұл бақсы жырлары, өзінің туып өскен жеріндегі (ҚХР Шыңжаң өлкесі Іле қазақ автономиялы облысының Күнест ауданы) бақсылардан

ауыздан-ауызға таралып, қазіргі күнге жеткен. Шын мәнінде, Қазақстанның фольклортану ғылымында соңғы жылдарда ел арасына шыққан экспедициялық зерттеулерде бақсы сарыны үлгісі әлдеқашан жойылып кеткен мұралар қатарына қосылған болатын.

Бақсы сарыны – бақсылар да халық өнерпаздары (ақын, жырау, сал-серілер) сияқты фольклорлық құндылықтар қалыптастырушылардың өкілі. Бақсының негізгі атқаратын қызметі, тәңір иелеріне, аруаққа, әулие-әнбиелерге, жындарға табыну көзқарасын уағыздау арқылы, адам мен тылсым күш арасындағы дәнекерші есебінде болады. Ал ислам дінінің өкілі молда, мұсылман баласының құдайға деген сенім түсініктерінің ақиқатын, маңыздылығын уағыздап, Алла мен Алла сөзі Құран кәрімді уағыздаушы. Бақсы мен молданың атқаратын қызметінің айырмашылығы осында. Осы себептен бақсы атқаратын қызметінің бағыты жағынан ел арасында халықтық білім иесі емші, көне наным-сенімді, тылсым күшке ие тұлға болып танылады. Бақсылардың қазақ қоғамындағы орыны мен қасиетінің қазіргі таңдағы қоғам өмірінен көшуінің себебін ғылыми зерттеулерде былай түсіндіреді: «Бақсылардың әлеуметтік өмірдегі орны ХІХ ғасырдың соңына қарай тіптен тарыла түседі. Оның бір себебі 1868 жылы қазақ даласын билеудің жаңа ережелеріне сәйкес бақсылыққа заң жүзінде тыйым салынуынан, екіншіден, мұсылманшылықтың өршуінен (молдалар жын шақыру шарифатқа қарсы келеді, сондықтан бақсыдан көмек сұрау күнә болады деп уағыз жүргізеді), үшіншіден, қазақ даласына етек жая бастаған орыс медицинасы да бақсылыққа өре-тұра қарсы болады. Бақсылар, негізінен, жүйке ауруына ұшырағанда, есі ауысқандарға, ауыр толғақ қысқан әйелдерге, сарып, сал ауруымен ауырғандарға ем жасаған. Халқымыздың шаманистік түсінігінде мұндай аурулар жын-шайтанның әсерінен болады. «Жынды», «жын соққан», «перінің салқыны тиген», «албасты басқан» деп ат қою да сондай түсініктерден шыққан. «Қояншық» та осы қатарға қосылады. Аталған сырқат түрлерінің көбін бақсылар психотерапиялық әдіспен (бақсының ойыны арқылы) емдеген, алайда, олар қажет кезінде аллопатиялық, гомеопатиялық, хирургиялық әдістерді де қолданған. Мәселен, мерезді қызылмия мен тамыр-дәрінің және басқа шөптердің қосындысы арқылы емдеген» [24, 170] - деп бақсылық өнердің күнделікті өмірімізден қалай шеттетілгені және олардың адам баласының ауру-сырқауына қала ем-дом жасайтыны туралы айтылған.

Мысалы, Тайынша ауданы Амаңдық ауылының тұрғыны Семсер Шарифатұлы айтып берген бірінші бақсы сарынында, бақсының сырқатты емдеп қана қоймай, оның өткені мен болашағына міндетті түрде болжам жасайтынын сондай-ақ қазақтың үш жүзінің ішінен шыққан тарихи тұлғаларды, батыр-балуандарды, әулие-әнбиелердің атын атап, аруағын шақырып емге дауа тілесе, енді бір жағынан жиналған жұртқа, үш жүздің игі-жақсыларының қазақ қоғамындағы орыны туралы үлкен насихаттық жұмыстар жасап отырғанын айқын аңғаруға болады (*Семсер Шарифатұлы айтып берген бақсы сарындары бұдан бұрын еш жерде жарияланбаған тың материал болғандықтан осы мақалада толық мәтінін беріп отырмыз*):

Албан, суан, дулатым,
Қабат қабат жұратым.
Ауруға шипалы,
Күн балар ма туатын.
Шұбар атты жалайыр,
Осы аурудан сен айыр.
Қаңлы менен шанышқылы,
Барлығыңды қолдай көр.
Арғын, найман, тарақты,
Керей, уақ, қоңырат.
Бір анадан тарапты,
Қырғыз қыпшақ аруағы.
Берекер деп талапты.
Алтын жаппас, шектінің,

Арқаның артық тектінің.
Тана, тама, серкешім,
Зар үнімді естісін.
Танадай туысым,
Қынға салған қылышым.
Жағалбайлы аруағы,
Қысылғанда тынысым.
Алшын, әлім, байұлы,
Басқа қонған ырысым.
Ауруға шипа бер,
Жолын көрсет дұрысын.
Буын-буын қамыстан,
Қандай пәле жабысқан.
Жақыннан емес ауру,

Жабысқан екен алыстан.
 Алыстан келген ауруға,
 Ем табылар алыстан.
 Қаракерей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгенбай.
 Қасірет шеккен момыңды,
 Ондай көрсін бір Құдай.
 Жалғыз туған Жаңғабыл,
 Көкбөрі жыным кел жабыл.
 Тәңіріммен сұрасып,
 Ауруына ем табыл.
 Тәйірберді аруағы,
 Тілеуқабыл қолбасы.
 Бегімбет, Дербіс бар тағы,
 Ие болып қолдашы.
 Есенгелді бабамыз,
 Қызай пірі анамыз.
 Ғарып болған мүсәпір,
 Емін қайдан табамыз?.
 Батыр туған Шөкенбай,
 Әулие абыз Текебай.
 Қызайдан төрт әулие,
 Әулие сенен өтеме-ай.
 Бұлғын аяқ Мүсірбай,
 Әулиелер оңғарсын ісімді-ай.
 Аруақтарың қолдасын,
 Қырсық пәлені ұшырғай.
 Ақарыс пен Жанарыс,
 Жаншорадан Бекарыс.
 Ұрпағыңнан ауру,
 Аулақ жүрсін тым алыс.
 Әуел бастан айтайын,
 Жаратушы Құдайды.

Шақырамын жар бол деп,
 Аруақты анам қызайды.
 Ғайыпперен қырықшілтен,
 Оңынан келсе қолдайды.
 Шайқы-бұрқы диуана,
 Көкбөрі жыным болжайды.
 Буын-буын қамыстан,
 Қандай пәле жабысқан?.
 Су перімен табысқан,
 Алыс емес жақыннан.
 Жаныңда жүрген таныстан,
 Ақарыстан Хазірет.
 Омар, Оспан, Шәхәржар,
 Әбубәкір Сыдықпен.
 Я, пірлерім болсын жар,
 Жеті әулие әнбие.
 Асқабыл келіп Уәйістер,
 Меккеден де қағба.
 Болар ма екен бір себеп,
 Бескөрікпен Жарас Бексейіт.
 Құдай деп ем көксейік,
 Аман, Тоқай, Таңаттың.
 Аруағын айтпай кетпейік,
 Аруақтар шипа болып.
 Осылай айтып емдейік,
 Алла беріп пайдасын.
 Аман болсын мал басың,
 Ауруыңа ем берсін.
 Аруақты баба Андасым,
 Аққозы, Шүңгіл, Қатпаның.
 Айтылмай аты қалмасын,
 Аруақтары қолдасын.
 Ұзақ ғұмыр жалғасын.

Семсер Шариғатұлы айтып берген екінші бақсы жырында, бақсының жын-перілерді көмекке шақырып, адамдарға аурудың қайдан, неден жабысқаны туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп, емдеу шарттарын айтып, ем-дом жасауға кіріскенін көруге болады:

Қобызымды шалайын,
 Отқа майды салайын.
 Жапанда жатқан көп жыным,
 Сендерді шақырып алайын.
 Қырық нарға қос артқан,
 Қырық жұртқа қош айтқан.
 Қырық сарбаз бастығы,
 Жасындай болып тосаттан.
 Қаз дауысым кел шапшаң,
 Көк манатым көкте ойнар.
 Көлеңкесі жерде ойнар,
 Шақырғанда келсеңші.
 Сен келер деп кім ойлар?
 Алпыс қойдың терісі,

Ау шықпаған Қорабай.
 Жетпіс қойдың терісі,
 Жең шықпаған Қорабай.
 Ағашпенен талдарды,
 Жапыратын Қорабай.
 Теңіздерді қолымен,
 Сапыратын Қорабай.
 Жәрдем қыл деп келгенге,
 Шақыратын Қорабай.
 Қайдасын сен Қорабай,
 Кеттің ғой сен жоламай?
 Жаңа келді Күнқожа,
 Жаңа келді Айқожа.
 Қожа, қожа, қожа көп,

Ішіндегі қай қожа?
Қырдан келген қырық қожа,
Ойдан келген оң қожа.
Сол қожаның ішінде,
Әсіресе бір қожа.
Есік ашып кір қожа,
Күн көзінде әулие.
Жер жүзінде әулие,
Машарыпта әулие.
Мағарыпта әулие,
Тауда жүрген әулие.
Таста жүрген әулие,
Көлде жүрген әулие.
Шөлде жүрген әулие,
Жаңа келді Шарабас.

Алпыс қойдың терісі,
Ау шықпаған Шарабас.
Жетпіс қойдың терісі,
Жең шықпаған Шарабас.
Тоқсан қойдың терісі,
Тон шықпаған Шарабас.
Жаңа келді су пері,
Жаңа келді қу пері.
Жаңа келді ай пері,
Жаңа келді құлаң шаш.
Есінді жи көзінді аш,
Албастысын шығарсын.
Екі иығынан мықтап бас!
Енді керек болады,
Қара қой мен қара тас.

Бақсыларда аруақтарды шақырудың бірнеше типі бар.

1. Бұрын-соңды өткен атақты хандардың, батырлардың, бай-мырзалардың аруағын шақыру.

2. Тікелей өз ата-бабаларының аруағын шақыру.

3. Атақты бақсылардың аруағын шақыру.

Әулие-әнбиелер мен аруаққа сыйыну көбінше іркес-тіркес келеді, кейде араласып та кетеді. Бұлардың бәрі (әулие-әнбиелер, аруақтар) бақсының жебеуші пірлеріне жатады [24, 178].

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амаңдық ауылының тұрғыны Семсер Шарифатұлы айтып берген бақсы жырында, бақсылардың жоғарыда айтылған жын шақыруындағы бірнеше типі түгел көрініс тапқан:

Жаңа келді Жирентай,
Әулие пірдің бәрінде.
Астына мінген бір бір тай,
Шақырғанда осылай.
Келмейді деп қорқытып,
Көп шаршаттың пірлер-ай.
Аспандағы көп пері,
Көп перінің ішінде.
Аты жақсы дәу пері,
Су ішінде су пері.

Сүмірейген қу пері,
Жынданбаяқ жүре бер.
Ай астында ай пері,
Күн астында күн пері.
Жеті пері келер ме?
Толысып тұрған айдай боп,
Жарқыраған күндей боп.
Өз алдында дардай боп,
Жеті пері жатыр ма?
Үлкен-үлкен таудай болып.

Бұл бақсы жырында перілердің құдіретін және қандай тылсым иесі екенін атын атап, көркем ұйқаспен суреттеген.

Семсер Шарифатұлы айтып берген келесі мына бір бақсы жырында:

Шәхуәраттың досы екен,
Шайтанменен Ібіліс.
Пенденізге қас екен,
Ауруға жас екен.
Ауырмағанның құдаймен ісі,
Жоқ болатыны несі екен.
Алланың бұл сынағы,
Көрсеткені осы екен.
Бисмиля сөзде дуа бар,

Жын шайтанды қуа бар.
Аспандағы төрт атты,
Қайраты артық төрт атты.
Қару жарақ сайлаулы,
Ашуы оның тым қатты.
Енді сөйле тортайым,
Айтар сөзге оңтайлым.
Жолың болсын жортайын,
Келгеннен соң жортайын.

Енді неден қорқайын?
Кереге бойлы кер бұғым,
Шақырғанда кел бұғым.
Үкілі балақ сексен шоқ,
Бірің келсең, бірің жоқ.

Перінің қызы Сарайман,
Келеді ме деп қараймын.
Кереге бойлы кер жылан,
Шақырғанда кел жылан.

Бұл бақсы жырында да, бақсының ойыны басталмас бұрын, сыйынушы пірлерге үн қатып, жын-перілерді көмекке шақырып жатқаны айтылған. Осы бақсылық сарындарды бізге жеткізген Семсер Шарифатұлы, өзі туып өскен қазіргі қытайға қарасты ежелгі қазақ жері, ҚХР Шыңжаң өлкесі Іле қазақ автономиялы облысы Күнес ауданында бақсылардың көп болғанын айтады. Бұл бақсы жырларын әкесі Шарифаттан жаттап және жазып алыған. Яғни, Күнес ауданында Тәни Тұңғатбайқызы деген үлкен ақын болған. Осы Тәни ақынның әкесі Тұңғатбай сол өңірдегі көне бақсылардың сарқытын ішіп, батасын алған, ел арасында жауырыңға қарап сөйлейтін кие қонған кісі болыпты. Осы біздің ғылыми зерттеуімізге айтып берген бақсы жырларының дені, сол Тұңғатбай бақсы арқылы жеткенін Семсер Шарифатұлы айырықша атап өтті.

Көптеген салт-жоралардың, ырым-тыйымдардың басқада толып жатқан әрекеттердің (үйге ат кіргізу, отқа қызып тұрған темірді жалау, шаңыраққа шығу, қобызда не домбырада түрлі сарындарға салып музыка орындау т.б.) орналасу ретіне қарай жүйелегенде бақсы сарындары «Пірлерге сыйыну», «Жын шақыру», «Жын қайтару» сияқты үлкен қойылымдарды бастан өткереді. Көнеден келе жатқан бақсылық сарындардың және бақсы ойынының астарында халыққа, дұрыс жолда жүру, құдайға немесе тылсым күш иелеріне ұнамсыз қылықтар жасамау сияқты жақсынасихат бағытында жұмыс жасалатынынаңғаруға болады. Мұның сыртында адам емдеу, келешекті болжаудан бөлек, жиналған жұртқа қазақтың тарихында өзіндік орны бар тұлғаларды кеңінен насихаттау жұмыстарының жүрілетінін байқаймыз. Біздің зерттеуіміз негізінде жиналған бақсылық сарындарға қарап отырып, ислам дініне дейін қазақ қоғамында кең қанат жайған бақсылық өнердің қазіргі таңда жоғалуына қарамастан, ел арасында әлі де сол өнердің жұрнағының болса да бар екенін және алдағы уақытта жалғасты жинау-зерттеу жүргізу арқылы бақсылық сарынға қатысты дүниелерді барынша сақтап қалу жұмыстарын барынша жүргізуіміз қажет.

Қараөлең – Солтүстік Қазақстан облысынан жиналған музыкалық шығармалардың ішінде, қазақтың отбасылық жиын-тойларында айтылатын, көне халықтық сарындағы қараөлеңдер мен халық әндері назар аудартты. Мысалы, Тайынша ауданының Ильчевка ауылының тұрғыны Мұхаммед Манапұлы мен Меделхан Сәдібайұлы және Тайынша ауданының Келлеровка ауылының тұрғындары Абылайхан Шайқалханұлы, Тойлыбай Қалидолдаұлы қатарлы өнерпаздардың орындаған қара өлеңдері, әуендік жағынан халықтық сарындағы 4 тармақты, 11 буынды көне әндерге жатады. Серік Әнбияұлының орындауында 60 тан астам қараөлеңдер мен халық әндері, көне күйлер жазылды. Серік Әнбияұлының айтуы бойынша бұл өлеңдердің дені, өзі көрген халық ақындарының айтыстағы мақамы деп орындалды. Бұл халық арасындағы ескі өлеңдердің (қараөлеңдердің) айтыс ақындарының айтысқанда кең қолдануы арқасында, ел арасында белгілі бір ақынның мақамы деп аталып кеткенін байқауға болады.

Қазақтың қарапайым қара өлеңі туралы ғалым Ш. Уәлиханов: «Әдеттегі үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады, сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді» [25, 89-90] - деп халықтық қараөлеңге сипаттама береді. Халықтық әндер мен қара өлеңдердің құрылымы мен музыкалық ырғақтық ерекшеліктері туралы музыкатанушы С. Елеманова: «этот народный термин, совмещающий в себе определение структуры (размер, строфика), функций и содержания, безусловно, имеет значение жанровой категории» [26, 8] - дейді.

Солтүстік Қазақстан облысының 3 ауданы бойынша Серік Әнбияұлы, Мұхаммед Манапұлы мен Меделхан Сәдібайұлының орындауында жеткен әндер қазіргі таңда ұмыт болған, ескі халық әндері мен қараөлеңдер. Тіпті бұл әндердің көбі орындаушысын тапса,

қазірдің өзінде сахналық деңгейде айтылуға сұранып тұрған халықтық сарындағы әндер. Бұл өлеңдерді орындаушылар, елдің санасында жатталып қалған үйреншікті мәтіндермен де және суырып салып та айта береді.

Мысалы, Серік Әнбияұлы айтып берген «Салқын жайлау жайлаған» атты халық әнінің мәтініндегі:

Ауылыңның, оу, қонғаны, ой болса екен, оу,
Өріп шығар, оу, қорадан, қой болса екен, құрбым-ай.
Үлкен-кіші бас қосып, отыратын, оу,

Күнде жиын, оу, осындай, той болса екен, оу, құрбым-ай! - деген негізгі шумақтар ел арасында басқа әуендегі қараөлеңдерде қайталанып айтыла беретін, өлеңшілердің жаттап алған мәтіні болса, осы әннің қайырмасы ретіне айтылатын:

Салқын жайлау жайлаған,
Сазға бие байлаған.

Қайта айналып-оу, келмейді,

Бала күнінде ойнаған, – деген қысқа қайырмадан тұратын мәтіннің басқа халық әндерінде кездесе бермейтінін және осы қайырма мәтінмен айтылатын әуеннің бұдан бұрынғы зерттеулердегі қараөлеңдер мен халық әндерінде кездесе бермейтін бөлек ладта айтылатынын әннің формалық ерекшелігінен көруге болады.

Халық ауыз әдебиетінің ауыздан-ауызға таралып, осы уақытқа дейін тәрбиелік мәнін жоғалтпаған бір саласы – **жұмбақтар**.

Солтүстік Қазақстан өңіріндегі рухани мұраларды жинау жұмыстары кезінде, Тайынша ауданы Келлеровка ауылының тұрғыны Мақпал Қабтөсқызынан қазақтың көшпелі тұрмысында қолданатын әртүрлі заттарға және табиғат құбылыстарына арналған 3 жұмбақ жазылып алынды.

М. Әуезов жұмбақ адамның дүние тану жолындағы ойының, киялының шамасын білдіреді дей келе, жұмбақтың мазмұнына кіретін заттарды «табиғат жайлы», «адамның денесі», «хайуанат пен өсімдік», «бақташы», «егінші елдің еңбек процессі», «техника жайлы», «еңбек құралы» - деп жинақтайды [27, 5]. Экспедиция кезінде жазып алған жұмбақтарда жоғарыда айтылған тақырыптар жұмбақ мазмұнында көрініс тапқан. Мысалы, Мақпал Қабтөсқызынан жазылған:

Шидім, шидім, шидім құс,
Ши басына қонған құс.
Қарқарадай қара құс,
Хан басына қонған құс.

Шешуі: (Киіз үй, кереге, уық, шаңырақ)

Бұл жұмбақта қазақтың көшпелі тұрмысында қолданған киіз үйді және оны құраушы жабдықтарын алып қарақұсқа теңеп бейнелеп тұр.

Киіз үй туралы жұмбақтар халық арасында жиі кездеседі. Олардың кейбірінде киіз үйдің құрылысын адам бейнесінде астарлап айту арқылы жұмбақ жасырады: Мысалы, киіз үй туралы мына жұмбақта:

Бір нәрсе анау тұрған көресің бе,
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.
Сүйегі ішіндегі бақша-бақша,
Бар екен жалғыз көзі төбесінде.

Шешуі: (Киіз үй)

Киіз үйдің сыртқы пішіні мен төбесіндегі түндік жауып тұратын шаңырақтың төбесін, астарлап көзге теңеп жұмбақ жасырған [28, 227].

Халықтық жұмбақтарда білім-ғылымға қатысты да жұмбақтар кездеседі. Жазып алған жұмбақтарымыздың ішінде шешуі құран әрпін білдіретін жұмбақтар да кездесті. Яғни, жұмбақтың шешуі болатын әрпті «иір, иір басы бар» деп құрандағы араб әрпінің жазылудағы формасын астарлап жұмбақ етіп жасырған. Мұны жұмбақ шешуші зеректікпен ойлағанда ғана таба алады. Мақпал Қабтөсқызы айтып берген мына жұмбақ соның дәлелі:

Иір, иір басы бар,
Диірменнің тасы бар.
Осыны тапқан кісінің,
Жүз жиырма бес жасы бар.

Шешуі: Құран кітаптың жазу

Ел арасында кездесетін жұмбақтар арасында айтуға ыңғайсыз (ұят), бірақ шешуі күнделікті тұрмыстағы заттардың атауы немесе басқа түрлі заттарға қаратылғандары бар. Мысалы, біздің жазып алған жұмбақтарымыздың ішінде, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы Құлықөл ауылының тұрғыны Иманмағзам Балташұлы Ашимов айтып берген мына жұмбақта:

Көтеріп ұрдым,
Көйлегін түрдім.
Қызартып салдым,
Бозартып алдым.

Шешуі: (қой сою)

Бұл жұмбақта көтеріп ұрдым деп, қойды сою үшін көтеріп жығып төрт аяғын байлауды айтса, етегін түрдім дегені, қойдың терісін сыпыруды айтады. Қызартып салдым дегені, қойдың етін қазанға салуды айтып тұр. Ал бозартып алдым дегені, қазандағы пісіп шыққан етті айтқаны.

Осындай естіген құлаққа ерсі, бірақ әдеттегі заттарды бейнелейтін екі шешімді жұмбақтар туралы Ш. Керім: «халық ішіндегі жұмбақтардың келесі бір үлкен тобына әдейі екі шешімді жұмбақтар жатады. Екі ұшты шешімнің бірі – адам аузына алып айтуға ұят, ерсі сөз болса, екіншісі әдеттегідей болуы шарт» [29, 31] - дейді.

Қорыта айтқанда Солтүстік Қазақстан облысындағы елді-мекендерде, жұмбақ жанрын жасы егде тартқан кісілерден ғана жазып алдық. Ал бұл жанрдың атадан-балаға үзбей жалғасқанымен қазіргі жастарға жалғастығы бәсеңдегені байқалады. Жастар жағы мұндай мұраларды біле бермейді. Дегенмен көнекөз үлкендердің аузында сақталып қалған жұмбақтар әлі де болса, халық арасында өз өміршеңдігін жоғалтпағанын аңғаруға болады.

Қорытынды

Қызылжар өңіріндегі ел арасында ауызекі таралып атадан-балаға жеткен рухани мұра үлгілерін жинауда, мұраны ұстанушының тегі, мұраның сақталу жағдайы, құймақұлақтықпен немесе көзбен көріп үйренгені туралы мәлімет, ұстаз-шәкірттік жолымен тасымалданғаны немесе атадан- балаға тікелей жалғасу қасиеті туралы мәліметтерді ауызша сипаттату, яғни мәдени мұраның ғылыми тұрғыдан тіркеп, паспорттау арқылы осы заманғы (аудио, видео, фото) кәсіби фоно және фото жазу құралдарымен бейнетаспаға түсіре отырып, әр шығарманың шығу тарихы, орындалу ерекшеліктерін (аймақтық-орындаушылық, мақам-саздық) егжей-тегжейлі баяндау әдісі қолданылды.

Қызылжар өңіріндегі рухани мұраларымызды жинау, зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе төмендегідей тұжырымға (жаңалықтарға) тоқталамыз:

- Қызылжар өңірінде 3 ауданының елді-мекендерінде тек жасы егде тартқан кісілердің жатқа айтуында ғана жоқтау, сыңсу, жарапазан, қараөлең, бақсы сарыны т.б. орындаушылық өнердің және фольклорлық мұралардың байырғы үлгілері әлі де сақталған. Ал жастар жағында мұндай құндылықтарды ұстану жағы өте кемшін екені анықталды және ел арасында көне наным-сенімге байланысты айтылатын «бата беру» дәстүрінің, ұрпақ жалғастығын тауып жатқаны назар аудартты. Үлкендер жағы бата беру дәстүрін жас балаларға да үйретіп ұрпаққа тасымалдау, насихаттау жұмыстары нәтиже беріп отырғаны, осы жанрдың өміршең сипатын байқатты.

- Қызылжар өңірінен жиналған рухани мұралар Қазақстанның өнертану, мәдениеттану, әдебиеттану саласындағы оқыту бағдарламасындағы міндеттерге сай, жас

ғалымдар магистрлік немесе докторлық ғылыми еңбектердің жазылуына тың тақырып болады және орындаушылық бағытта, сапалы жазылған (аудио-видео) таспалары, тыңдап немесе қолдан көріп үйренуге таптырмас көмекші құрал болары анық.

- Біздің ғылыми-зерттеуіміз көрсеткендей, Қызылжар өңіріндегі елді-мекендерінде әлі күнге дейін қазақ мектептерінің санының өте аздығы анықталды. Бұл өз кезегінде, өңірдегі рухани мәдени мұраның ұрпақ жалғастығын табуына, үлкен кедергі екені анық. Сондай-ақ жиналған рухани дүниелердің дені біріншіден, сол өңірді мекен еткен елдің егде жастағы адамдарынан ғана алынса, екіншіден тәуелсіздік жылдарында келген қандастардан жазылып алынды. Осы құндылықтар біздің мемлекеттік оқыту бағдарламамызға молынан еніп, мектеп және университеттегі білім алушы жастарға барынша насихатталуы тиіс. Сонда ғана, мемлекеттің, ұлттың болашағы болатын жас буынның рухани кемелденуіне жол ашады.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала 2022-2024 жылдарға арналған ҚР ҒЖЖБМ грантымен қаржыландырылатын АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (жүгінген күні: 02.05.2023).
2. Затаевич А. Қазақ халқының 1000 әні. Ән мен күйлер. – Мәскеу: Мемлекеттік музыка баспасы, 1963. – 589 б.
3. Майчкин М. Ақан сері Қорамсаұлы әндері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 53 б.
4. Байболов Е. Ыбырай Сандыбайұлы әндері. Этнографиялық жинақ. – Алматы: Меткеп баспасы, 1969. – 79 б.
5. Ерзакович Б.Г., Дербісәлин Ә., Қоспақов З.Қ. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 112 б.
6. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: жазушы баспасы, 1975. – 400 б.
7. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 442 б.
8. Беккожина Т. Қазына. Музыкалы-этнографиялық жинақ. – Алматы: Жалын баспасы, 1979. – 112 б.
9. Аманов Б.Ж., Мухамбетова Ә. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. – Астана: Метро По, 2013. – 94 б.
10. Каракулов Б. Форма и ладовость в казахских обрядовых песнях // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. – 1979. – №3. – Б. 39-42.
11. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.
12. Утеғалиева С. О музыкальной стилистике домбровых кюев-шертпе // Вопросы музыкальной культуры и образования: сборник статей, посвященный 20-летию Независимости Казахстана. – Алматы: 2011. – 61-72 с.
13. Ерзакович Б.Г., Қоспақов З.Қ. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 112 б.
14. Шегебаев П. Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті. – Астана: ҚазҰӨУ, 2011. – 104 б.
15. Бердибай А. Система вставных элементов в структуре казахских традиционных песен // Поиск. – 2014. – № 2. – С. 17-22.
16. Жүзбай Ж. Шертпе күйдің төрт мектебі. Зерттеулер және күйлер жинағы. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – 116 б.

17. Жүзбай Ж. Мұңды қыз. Халық композиторы Аққыз Ахметқызының күй мұрасы. – Қарағанды: Болашақ баспа, 2017. – 235 б.
18. Байбек А. Домбра как фактор ладообразования устно-профессиональных песен Арки (практический аспект) // Материалы международной конференции «Проблемы современного музыкознания и этноорганологии», посв. 90-летию Болата Сарыбаева. – Астана, 2017. – С. 44-50.
19. Қазтуғанова А.Ж. Ұлы даланың көне сарындары: Антология. Үш томдық. Музыкалық фольклор. Дәстүрлі ән өнері. – Алматы: Brant Book, 2019. – 752 б.
20. Стамғазиев Р., Әбуғазы М. Назқоңыр. Хрестоматия. – Алматы: 2016. – 424 б.
21. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт баспасы, 2016. – 485 б.
22. Бекмұханбет Б.Д., Мылтықбаева М.Ш., Сабырова Ә.С., Пазылова А.Р., Дәрібаева А.А., Қайрулла К.И. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы. – Алматы: Құрманғазы ат. ҚҰК, 2019. – 240 б.
23. Бәйтенова Г. Көкшетау әуендері. – Алматы: Өнер, 1993. – 144 б.
24. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ, 2008. – 812 б.
25. Уәлиханов Ш. Тәңірі. Таңдамалы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2013. – 392 б.
26. Елеманова С.А. Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 187 б.
27. Аманжолов С., Жанұзақов Т. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
28. Маулет А. Сарыарқа қазақтарының музыкалық-фольклорлық Мұрасы // Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы. – «Қазына» сериясы. VI-том. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2020. – 352 б.
29. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 287 б.

А. Маулет

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Руководитель отдела Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан*

Воспитательное значение фольклорного наследия казахов Кызылжар в воспитании подрастающего поколения

Аннотация. В статье говорится о сборе, сохранении и изучении духовного наследия Северо-Казахстанской области, которое устно передавалось из поколения в поколение, и роль этого наследия в воспитании молодого поколения. Кызылжарский район является одним из сакральных регионов Сарыарки, где сохранилось казахское инструментально-музыкальное и фольклорное наследие. В северном регионе сохранились богатые традиции национальной музыки и фольклора казахского народа, в том числе обычаи и традиции. Казахские поэты XVII-XIX веков Кожаберген Тольбайсыншыулы, Шал Кулекеулы и сал-сери, занимающие достойное место в памяти народа, такие, как Сегиз Сери, Акан Сери, Биржан Сал, Укили Ыбырай, Балуан Шолак заложили основу музыкального искусства и традиционного пения северного региона. Передаваемая из поколения в поколение фольклорная традиция казахского народа, этнографические ценности, национальное прикладное искусство, образцы устного народного творчества (*шилдеhana, жоктау, сынсу, жар-жар, песня и кюи, кара олен, загадки, скороговорки, жыр, терме, жарапазан, шаманские обрядовые песни и др.*) внесли неоценимый вклад в развитие нашей нации и человечества в целом. После обретения независимости большое количество наших соотечественников из-за рубежа обосновалось в Кызылжарском районе. С ними вместе в нашу страну пришло богатое наследие, связанное с обычаями и традициями казахского народа, инструментальной музыкой и этнографией. В научно-аналитической части данной статьи общие черты регионально-исполнительского и национального духовного искусства музыкально-фольклорного наследия анализируются наряду с древними образцами устной литературы, записанными коренными казахами, проживающими в Кызылжарском районе, и соотечественниками из-за рубежа. Представленные в статье ценные данные о фольклорном наследии, такие, как загадки, скороговорки и обрядовые песни шаманов были отобраны на основе новых материалов, собранных в ходе научно-исследовательской экспедиции, проведенной автором статьи в Кызылжарском районе в 2022 году.

Ключевые слова: Кызылжар, Северо-Казахстанская область, фольклорное наследие, обрядовые песни шаманов, духовное наследие, научное исследование.

A. Maulet

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Educational significance of the folklore heritage of the Kazakhs of Kyzylzhar in the education of the younger generation

Abstract. The article tells about the collection, preservation and study of spiritual heritage of North Kazakhstan region, which was orally transferred from generation to generation and the role of this heritage in the education of the young generation. Kyzylzhar region is one of the sacral regions of Saryarka, where the Kazakh instrumental-musical and folk heritage has been preserved. Rich traditions of national music and folklore of the Kazakh people, including customs and traditions, have been preserved in the northern region. The Kazakh poets of 17th-19th centuries Kozhabergen Tolybaisynshyuly, Shal Kulekeuly and Salseri, who occupy a dignified place in the memory of the people, such as Segiz Seri, Akan Seri, Birzhan Sal, Ukili Ybyray, Baluan Sholak laid the foundation of the traditional music of the region. Transmitted from generation to generation the folklore tradition of the Kazakh people, ethnographic values, national applied art, samples of oral folk art (*shildehana, zhoktau, synsu, zhar-zhar, song and kyuis, kara olen, riddles, tongue twisters, zhyr, terme, zharapazan, ritual songs of shamans and etc.*) have made their invaluable contribution to the development of our nation and mankind as a whole. After gaining independence, a large number of our compatriots from abroad settled in Kyzylzhar region. Together with them our country gained the rich heritage associated with the customs and traditions of the Kazakh people, instrumental music and ethnography. In the scientific and analytical part of this article the common features of the regional performing and national spiritual art of musical and folklore heritage are analyzed along with ancient samples of oral literature, recorded by indigenous Kazakhs living in the Kyzylzhar region and compatriots from abroad.

The valuable data on folklore heritage such as «riddles», «tongue twisters» and «ritual songs of shamans» were selected on the basis of new materials, collected during the research expedition, held by the author of this article in Kyzylzhar region in 2022.

Keywords: Kyzylzhar, North Kazakhstan region, folklore heritage, ritual songs of shamans, spiritual heritage, scientific research.

References

1. Qazaqstan Respublikasynda materialdyk emes madeni murany korgau zhane damyту zhonindegi tuzhyrymdama turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylygy 29 sauirdegi № 408 kaulysy [Resolution No. 408 of the Government of the Republic of Kazakhstan on the concept of protection and development of intangible cultural heritage in the Republic of Kazakhstan dated April 29, 2013]. [Elektronik resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408/> (Accessed: 02.05.2023). [in Kazakh]
2. Zataevich A. Qazaq halqynyn 1000 ani. An men kuiler [1000 songs of the Kazakh people. Songs and tunes] (Maskeu: Memlekettik muzyka baspasy, 1963, 589 b.) [Moscow: State Music Publishing House, 1963, 589 p.]. [in Kazakh]
3. Maichekin M. Aqan seri Qoramsauly anderi [Songs of Akan Seri Koramsauli] (Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1959, 53 b.) [Almaty: Kazakh State Literary Publishing House, 1959, 53 p.]. [in Kazakh]
4. Baibolov E. Ybyrai Sandybaiuly anderi. Etnografyalyk zhinak [Songs of Ibrai Sandybayuly. Ethnographic collection] (Almaty: Metkep baspasy, 1969, 79 b.) [Almaty: Metkep publishing house, 1969, 79 p.]. [in Kazakh]
5. Erzakovich B.G., Derbisalin A., Kospakov Z.K. Qazaq muzyka folklorynyn tarihnamasy [History of Kazakh music folklore] (Almaty: Gylym, 1983, 112 b.) [Almaty: Science, 1983, 112 p.]. [in Kazakh]
6. Zhubanov A. Gasyrlar pernesi. Qazaqtyn halyq sazgerlerinin omiri men shygarmashylygy turaly ocherkter [The key of the ages. Essays on the life and creativity of Kazakh folk musicians] (Almaty: Zhazushy baspasy, 1975, 400 b.) [Almaty: Writer's Publishing House, 1975, 400 p.]. [in Kazakh]
7. Zhubanov A. Zamana bulbuldary [Modern nightingales] (Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1963, 442 b.) [Almaty: Kazakh state literary publishing house, 1963, 442 p.]. [in Kazakh]
8. Bekkozhiba T. Kazyna. Muzykaly-etnografyalyq zhinaq [Treasure. Musical-ethnographic collection] (Almaty: Zhalyн baspasy, 1979, 112 b.) [Almaty: Zhalyн publishing house, 1979, 112 p.]. [in Kazakh]

9. Amanov B.Zh., Muhambetova A. Dasturli qazaq muzykasy zhane XX gasyr [Traditional Kazakh music and the 20th century] (Astana: Metro Po, 2013, 94 b.). [in Kazakh]
10. Karakulov B. Forma i ladovost v kazahskikh obryadovykh pesnyah, Izvestiya AN Kaz SSR. Seriya filologicheskaya [Form and rhythm in Kazakh ritual songs, Izvestiya AN Kaz SSR. Philological series], 3, 39-42 (1979). [in Russian]
11. Seidimbek A. Qazaqtyn kui oneri. Monografiya [Kazakh state art. Monograph] (Astana: Kultegin, 2002, 832 b.). [in Kazakh]
12. Utegalieva S. O muzykalnoi stilistike dombrovyyh kyuev-shertpe. Voprosy muzykalnoi kultury i obrazovaniya: sbornik statei, posvyashennyi 20-letiyu Nezavisimosti Kazahstana [About the musical style of the dombra cue-click. Questions of musical culture and education: a collection of articles devoted to the 20th anniversary of the Independence of Kazakhstan] (Almaty, 2011, 61-72 b.). [in Russian]
13. Erzakovich B.G., Kospakov Z.K. Qazaq muzyka folklorynyn tarihnamasy [History of Kazakh music folklore] (Almaty: Gylm, 1986, 112 b.) [Almaty, Science, 1986, 112 p.]. [in Kazakh]
14. Shegebaev P. Elemanova S. Qazaq muzyka adebieti [Kazakh music literature] (Astana: KazUOU, 2011, 104 b.). [in Kazakh]
15. Berdibai A. Sistema vstavnykh elementov v kazahskikh strukture kazahskikh tradicionnykh pesen, Poisk [System of inserted elements in Kazakh structure of Kazakh traditional songs. Search], 2, 17-22 (2014). [in Russian]
16. Zhuzbai Zh. Shertpe kuidin tort mektebi. Zertteuler zhane kuiler zhinagy [Four schools of stress. Collection of studies and states] (Astana: «Saryarka» BU, 2009, 116 b.). [in Kazakh]
17. Zhuzbai Zh. Mundy kyz. Halyq kompozitory Akkyz Ahmetkzynyn kui murasy [Sad girl. Folk composer Akkyz Akhmetovna's musical heritage] (Karagandy: Bolashak baspa, 2017, 235 b.) [Karaganda: Bolashak publishing house, 2017, 235 p.]. [in Kazakh]
18. Baibek A. Dombra kak faktor ladoobrazovaniya ustno-professionalnykh pesen Arki (prakticheskii aspekt). Materialy mezhdunarodnoi konferencii «Problemy sovremennogo muzykoznaniiya i etnoorganologii», posv. 90-letiyu BolataSarybaeva, Astana [Dombra as a factor of tone formation of oral professional songs Arki (practical aspect). Materials of the international conference "Problems of modern musicology and ethno-organology", posv. Bolata Sarybayeva's 90th birthday, Astana], 44-50 (2017). [in Russian]
19. Uly dalanyn kone saryndary: Antologiya. Ushtomdyk. Muzykalyk folklor. Dasturli an oneri [Ancient Ulans of the Great Plain: An Anthology. Three volumes. Musical folklore. Traditional singing art] (Almaty: BrantBook, 2019, 752 b.). [in Kazakh]
20. Stangaziev R., Abugazy M. Nazkonur. Hrestomatiya [Nazkonur. Chrestomat] (Almaty, 2016, 424 b.). [in Kazakh]
21. Abugazy M. Qazaqtyn dombyra oneri [Kazakh art of dombra] (Almaty: Nursat baspasy, 2016, 485 b.) [Almaty: Nursat publishing house, 2016, 485 p.]. [in Kazakh]
22. Bekmuhambet B.D., Myltykbaeva M.Sh., Sabyrova A.S., Pazylova A.R., Daribaeva A.A., Kairulla K.I. Kurmangazy atyndagy Qazaq ul'tyq konservatoriyasynyn folklorlyq zerthanasy [Folklore Laboratory of the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy] (Almaty: Kurmangazy at. KUK, 2019, 240 b.). [in Kazakh]
23. Baitenova G. Kokshetau auenderi [Kokshetau songs] (Almaty: Oner, 1993, 144 b.) [Almaty: Art, 1993, 144 p.]. [in Kazakh]
24. Qazaq adebietinin tarihy. On tomdyk. 1-tom [History of Kazakh literature. Ten volumes. Volume 1] (Almaty: KAZakparat, 2008, 812 b.). [in Kazakh]
25. Ualihanov Sh. Taniri. Tandamaly [God. Optional] (Almaty: Poligrafkombinat, 2013, 392 b.). [in Kazakh]
26. Elemanova S.A. Kazahskoe tradicionnoe pesennoe iskusstvo [Kazakh traditional song art] (Almaty: Daik-Press, 2000, 187 s.). [in Russian]
27. Amanzholov S., Zhanuzakov T. Qazaqtyn halyq zhumbaqtary [Kazakh folk mysteries] (Almaty: Qazaqtyn memlekettik kormem adebiet baspasy, 1959, 244 b.) [Almaty: Kazakh state literary publishing house, 1959, 244 p.]. [in Kazakh]
28. Maulet A. Saryarka qazaqtarynyn muzykalyq-folklorlyq murasy // Dalalyk Euraziya tosindegi Saryarka murasy. «Kazyna» seriyasy. VI-tom [Musical and folklore heritage of Saryarka Kazakhs. Heritage of Saryarka in steppe Eurasia. - "Treasure" series. Volume VI] (Nur-Sultan: Kazakstan Respublikasy Ul'tyq muzeii, 2020, 352 b.) [Nur-Sultan: National Museum of the Republic of Kazakhstan, 2020, 352 p.]. [in Kazakh]
29. Kerim Sh. Qazaq zhumbagy [Kazakh mystery] (Almaty: Sanat, 1999, 287 b.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Маулет А. – PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің постдокторанты, ҚР Ұлттық музейінің бөлім жетекшісі, Астана, Қазақстан.

Maulet A. – Ph.D., postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Head of the Department of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.